

**«Қазақстан – туған елім,
ұлы өлкем!»**

«Ботақан» ересек тобы

Өткізген: Наурзалиева Қ.Р

Дүйсенбина Г.К

2023-2024 оқу жылы

25 қазан – Республика күні

Табырыбы : Қазақстан –туған елім, ұлы өлкем

Мақсаты: Балалардың отан, Қазақстан, туған жер туралы түсініктерін кеңейту. Отанды сүйуге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, туған еліне деген сүйіспеншілігін аттыру. Достыққа, адамгершілікке, саналылыққа тәрбиелеу.

Әнұран.

Тәрбиеші: Балалар арайлаған таңды сүйетін кім? -Мен

Алтын сәулені сүйетін кім? -Мен

Жарын даланы сүйетін кім? -Мен

Ата-ананы сүйетін кім? -Мен

Досын сүйетін кім? -Мен

Болашағы елімнің кім? -Мен

Кәне балалар Отан деген не?

Адамның туып өскен жері, туған-туысқандары, біз тұратын атамекен.

Балалар біздің отанымыз қалай аталады?

-Біздің отанымыз Қазақстан. Еліміздің бас қаласы қалай аталады?

-Біздің бас қаламыз Астана Біздің Президентіміз кім?

Еліміздің қандай рәміздерін білесіңдер?

Ту, Әнұран, Елтаңба

Балалар біздің елімізде көп ұлт өкілдері тұрады,кәне соларды атап айтайықшы:

орыстар, өзбектер, қырғыздар, татарлар, немістер. Иә балалар дұрыс айтасындар әр түрлі көп ұлт өкілдері бір шаңырақ астында тұрады екенбіз. Балалар кәнекей әр ұлт өкілдері бір шаңырақ астында қалай тұратынын киіз үй құрып көрсетейік.

Кәне, кәне тұрайық,

Сол қолымды көтердім,

Киіз үй біз құрайық.

Уықты мен көтердім.

Оң қолымды көтердім,

Киіз үйді тұрғызды

Балалар Қазақстан туралы өлеңдер оқып, жақсы мақал-мәтелдер айту,елімізді, жерімізді мадақтау бүгін біздің еншімізде. Ендеше өнерімізді ортаға салайық:

М.Сұлтан

Күн шуақты Қазақстан

Саған ғана үн қосқан.

Жүрегімнің дүрсілі

Төгіледі жыр дастан.

Құралай:

Отан -жерім ,Отан -суым,

Отан қуат ,нәр береді.

Отан – ұран, Отан – туым ,

Отан мәңгі гүлденеді.

Рамазан:

Отаным менің Қазақстан
Мәңгілік сенімен мақтанам
Саянда жүрсем әрдайым
Күлімдеп жүрем бақ табам.

Рамадан

Отан-сенің ,ата-анан,
Отан -досың,бауырың.
Отан-өлкен ,астанан,
Отан-аудан ,ауылың.
Отан тарих ,Отан тіл ,
Жасаған елің ,ер халқың.
Отан-өлең ,Отан-жыр,
Көтерген көкке ел даңқын....

Сұлтан

Ұлан байтақ жері бар,
Пайдалы қазба кені бар
Тәуелсіз ел Қазақстан
Көркіне көркі жарасқан.
Тәуелсіз азат елім ,
Туып өскен -байтақ жерім
Мәңгі жайнап тұра бер
Қазақстаным менің!

Асыл:

Отан дейміз от жаққан жерімізді
Отан дейміз өсірген елімізді ,
Отан дейміз туған жер атамекен,
Биік тау ,орман-тоғай көлімізді

Ән: «Елімнің ертеңгі иесі – біз.

Тәрбиеші: Еліміздің тәуелсіздігін дәлелдейтін өз рәміздері бар. Мемлекеттің барлық азаматтары-үлкендерде, балалар да-мемлекеттік рәміздерді, олардың символикаларын білуі және түсінуі тиіс. Өз еліңнің Туын, Елтанбасын және Әнұранның құрметтеу ол өз Отаныңды құрметтеу және сыйлау.

-Балалар біз қай елде тұрамыз ?

-Біз қай Республикада тұрамыз?

- Қазақстанның елордасы қай қала? - Қазақстан Республикасының Елбасымыз кім?

-Қатар шапқан қос тұлпар,

Ай үстінде қазақ үй

Қалықтаған жас сұңқар.

Шарықтаған таза күн

Бұл таңбасы елімнің,

Елдігімнің белгісі.

-Балаларға елтаңбаны көрсетіп түсіндіреді.

- Балалар сендер мына жерден нені көріп тұрсындар?

-Елтаңба

Көз тартады құбыла.

Біз қараймыз елжіреп,

Туған жердің туына.

-Балаларға туды көрсетіп түсіндіреді. Мемлекеттік ту ортасында отыз екі сәуле тараған күн бейнеленген, күннің астында қалықтаған дала қыраны бар. Ағаш сабына бекітілген тұста ұлттық оюлармен кестеленген. Күн, арай, қыран және ою өрнек алтын түсті бейнеленген.

-Балалар біздің Туымыздың түсі қандай?

Онда нелер белгіленген?

-Дұрыс айтасындар.

Әнұраным - жан ұраным,

Айтар әнім, сөйлер сөзім.

Туған жерім сағынарым,

Мәңгі - бақи шырқалады,

Республика әнұраны. -Өз еліңнің Туын, Елтаңбасын және Әнұранның құрметтеу ол өз Отаныңды құрметтеу және сыйла

Ойын: «Мемлекеттік туымызды құрастыр»

Республика күніне байланысты бейнеролик тамашалау

Ал енді балалар сабағымызды қорыта келе тудың суретін қағаз бетіне бейнелеп үйренеміз.

Мемлекеттік ту ортасында отыз екі сәуле тараған, күн бейнеленген, күннің астында қалықтаған дала қыраны бар. Ағаш сабына бекітілген тұста ұлттық оюлармен кестеленген. Күн, арай, қыран және ою өрнек алтын түсті ғып бейнелейміз.

Бүгінгі біздің еліміздің 25 қазан –Республика күнімен барлықтарыңды құттықтаймын!

Еліміз тыныш, жұртымыз аман болғай! Көк байрағымыз көгімізде желбірей берсін!

Ана тіліміздің мәртебесі көтеріле берсін.



